

Абай облысы Семей қаласының бас жоспары туралы (негізгі ережелерді қоса алғанда)

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2024 жылғы 7 қазандағы № 825 қаулысы.

"Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 19-бабының 5) тармақшасына сәйкес және Абай облысы Семей қаласын кешенді дамытуды қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған, Абай облысы мен Семей қаласының мәслихаттары мақұлдаған Абай облысы Семей қаласының бас жоспарының жобасы (негізгі ережелерді қоса алғанда) бекітілсін.

2. "Шығыс Қазақстан облысы Семей қаласының бас жоспары туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 25 маусымдағы № 707 қаулысының күші жойылды деп танылсын.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

О. Бектенов

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2024 жылғы 7 қазандағы
№ 825 қаулысымен
бекітілген

Абай облысы Семей қаласының бас жоспары (негізгі ережелерді қоса алғанда)

1-тарау. Жалпы ережелер

Абай облысы Семей қаласының бас жоспары (бұдан әрі – Бас жоспар) перспективада кешенді дамудың, аумақты жоспарлы ұйымдастырудың, қаланың әлеуметтік және инженерлік-көлік инфрақұрылымы жүйесінің бағыттарын айқындайтын негізгі қала құрылысы құжаты болып табылады.

Бас жоспар Қазақстан Республикасының Жер, Экология кодекстерінің, Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы", "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" заңдарының және қала құрылысын жобалау саласына қатысты Қазақстан Республикасының басқа да заңнамалық актілері мен нормативтік құжаттарының талаптарына сәйкес әзірленді.

Бас жоспардың схемасы (негізгі сызба) осы Бас жоспарға қосымшаға сәйкес перспективалы аумақтық даму шекараларында жасалды.

Келесі жобалық кезеңдер қабылданды:

бастапқы жыл – 2023 жыл (2023 жылғы 1 қаңтарға);
құрылыстың бірінші кезегі – 2030 жыл;
есептік мерзім – 2040 жыл;
болжамды кезең (тұжырымдама үшін) – 2055 жыл.

2-тарау. Бас жоспардың мақсаты

Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысының кейбір мәселелері туралы" 2022 жылғы 3 мамырдағы № 887 Жарлығына сәйкес орталығы Семей қаласында орналасқан Абай облысы құрылды. Семей қаласына облыс орталығы мәртебесінің берілуі, өңірге облыс мәртебесінің қайтарылуы (Шығыс Қазақстан облысы құрамында 25 жыл болғаннан кейін) инвестициялардың түсуі, жаңа өндірістер мен жұмыс орындарын ашу, шағын және орта бизнесті дамыту үшін жағдай жасауға мүмкіндік береді.

Семей қаласы халықаралық транзиттік сауданың маңызды торабы болып табылады. Бүгінгі күні Абай облысы аса ірі екі мемлекетпен – Ресеймен және Қытаймен шектеседі, көлік-логистикалық және сауда-экономикалық әлеуеті ірі тарихи мұрасы, ресурстары, табиғи байлығы өте мол.

Бас жоспар оның мәртебесінің өзгеруі ескеріле отырып жасалған. Бас жоспардың негізгі міндеттері адамның қолайлы мекендеу ортасын құру, экологиялық жағдайды жақсарту, қала халқы мен аумағын табиғи және техногендік қауіпті процестер мен құбылыстардан қорғау болып табылады.

Бас жоспарда мыналар айқындалады:

1) табиғи-климаттық, қалыптасқан және болжанатын демографиялық және әлеуметтік-экономикалық жағдайларды ескере отырып, әлеуметтік, рекреациялық, өндірістік, көліктік және инженерлік инфрақұрылымды қоса алғанда, елді мекен аумағын дамытудың негізгі бағыттары;

2) осы аймақтардың аумақтарын функционалдық аймақтарға бөлу және пайдалануды шектеу;

3) елді мекеннің құрылыс салынған және салынбаған аумақтарының арақатынасы;

4) жерлер иеліктен шығарылатын және сатып алынатын негізгі аймақтар, резервтік аумақтар;

5) аумақты табиғи және техногендік құбылыстар мен процестердің қауіпті (зиянды) әсерінен қорғау, экологиялық жағдайды жақсарту жөніндегі шаралар;

6) елді мекеннің орнықты дамуын қамтамасыз ету жөніндегі өзге де шаралар.

Бас жоспар:

1) қаланың әлеуметтік-экономикалық дамуының ұзақмерзімді және қысқамерзімді бағдарламаларын;

2) электрмен, жылумен, газбен, сумен жабдықтауды, су бұруды, нөсер кәрізін және басқа да инженерлік жүйелерді дамытудың салалық схемаларын;

- 3) қаланың кешенді көлік схемасын;
- 4) Бас жоспарды іске асыру бойынша қала аумағын егжей-тегжейлі жоспарлау және онда құрылыс салу жобаларын;
- 5) тұрғын үй, өндірістік және коммуналдық-қойма аумақтарын реконструкциялау және дамыту бағдарламаларын;
- 6) тарихи құрылыс пен тарихи және мәдени мұра объектілерін сақтап қалу және оңалту жоспарларын;
- 7) рекреациялық аймақтар аумақтарын дамыту және көгалдандыру бағдарламаларын;
- 8) қалада құрылыс салу қағидаларын әзірлеудің негізі болып табылады.

Бас жоспардың негізгі мақсаты қаланың перспективалы шекараларына қосылатын қазіргі елді мекендер мен тұрғын үй кешендерін ескере отырып, жоспарлау құрылымының барлық элементтерін өзара байланыстыра дамыту өнеркәсіптік-коммуналдық және рекреациялық аймақтарды ұтымды функционалдық аймақтарға бөлу және орналастыру арқылы жайлы әрі қауіпсіз тіршілік ортасын құру болып табылады.

3-тарау. Әлеуметтік-экономикалық даму

1-параграф. Демография

Семей қаласы Абай облысының орталығы болып табылады, 2023 жылғы 1 қаңтарға қала халқының есептік саны 308,14 мың адам болды.

Семей қаласы халқының 2030 – 2055 жылдар кезеңіне арналған перспективалы санының болжамы 3.01-01-2013 "Қала құрылысы. Қалалық және ауылдық елді мекендерді жоспарлау және салу" Қазақстан Республикасы құрылыс нормаларының 5.1.4-тармағына сәйкес есептелген.

Семей қаласы халқының перспективадағы санының болжамы корреляциялық-регрессиялық талдау, жастан-жасқа өту әдістері, статистикалық экстраполяция және еңбек теңгерімі негізінде экономикалық-математикалық әдістер пайдаланылып, Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің әдістемесі бойынша халықтың табиғи және көші-қон қозғалысында объективті болып жатқан өзгерістерді ескере отырып орындалды.

Қала халқының жобалық саны 2030 жылға қарай 340 мың адамды, 2040 жылы 385 мың адамды, 2055 жылы қарай 460 мың адамды құрайды.

Халықтың жалпы болжамды өсімі 2040 жылға дейін 77 мың адамды құрайды, оның ішінде жобалау кезеңдері бойынша:

- құрылыстың бірінші кезегі (2030 жыл) – 32 мың адам;
- есептік мерзім (2040 жыл) – 45 мың адам.

Қала халқының болжамды өсу қарқыны кезінде бірінші кезекте (2023 – 2030 жылдар) 109,15 %, есептік мерзімге (2031 – 2040 жылдар) 113,3 % құрайды, ал өткен 2006 – 2022 жылдар аралығындағы 17 жылдағы өсу қарқыны 106,7 % болған.

Экономикалық белсенді халық есептік мерзімнің соңына қарай 146,9 мың адамның (47,7 %) орнына 192,5 мың адамды (халық санының 50,0 %) құрайды.

Жұмыссыздар саны бойынша қалыптасқан деңгей 2,7 % болса, есептік мерзімге қарай ол халық санының 2,3 %-ына дейін қысқарады.

2-параграф. Тұрғын үй-азаматтық құрылыс

Бастапқы жылы қала құрылысы үшін игеруге арналған селитебті аумақтың ауданы 7164 га құрайды. 2040 жылға қарай селитебті аумақ ауданы 8633 га дейін ұлғаяды және Семей қаласының жалпы аумағының 26,2 %-ын құрайтын болады, қалған аумақ өндірісті, рекреацияны және басқа да қызмет түрлерін дамыту үшін ұсынылады.

Семей қаласының тұрғын үй қоры бастапқы жылы 5970,08 мың м² құрайды, ал бір тұрғынға шаққанда қаланың барлық тұрғындарының орташа қамтамасыз етілуі – 19,37 м².

Тұрғын үй ортасын кешенді қалыптастырудың негізгі бағыттары қаланың барлық тұрғындарының тұрғын үймен қамтамасыз етілуінің жалпы ауданын есептік мерзімге қарай бір адамға шаққанда 29,10 м² дейін жеткізуді, яғни 9,73 м² өсімді көздейді. Жаңа тұрғын үй құрылысының көлемін есептеу үшін жалпы ауданмен қамтамасыз етілу бірінші кезекте 25 м²/адам және есептік мерзімге 30 м²/адам мөлшерінде қабылданды.

Жаңа тұрғын үй құрылысының көлемі 2023 – 2040 жылдар аралығында 5745,45 мың м² жалпы ауданды, оның ішінде құрылыстың бірінші кезеңінде (2023 – 2030 жылдар) жаңа үйлердің тұрғын үй қоры 2232,08 мың м² жалпы ауданды, ал есептік мерзімге 3503,64 мың м² құрайды.

Семей қаласының тұрғын үй қорының болжамды деңгейі жобалау кезеңдері бойынша:

2031 жылғы 1 қазанға 8,05 млн м²;

2041 жылғы 1 қаңтарға 11,2 млн м² құрайды.

Қоғамдық қызмет көрсету саласы

Бас жоспарда қала тұрғындарын мәдени-тұрмыстық қызмет көрсетудің барлық түрлерімен толық және жан-жақты қамтамасыз етуге негізделген мәдени-тұрмыстық қызмет көрсету жүйесі көзделуге тиіс.

Жалпы қала бойынша және перспективадағы жаңа даму аумағы бойынша есептік мерзімге қызмет көрсету мекемелері мен кәсіпорындарының құрамы мен сыйымдылығына байланысты қажеттілік 2040 жылға арналған халықтың жобалық санына сәйкес және қала халқына қызмет көрсету ұйымдарында қазіргі жағдай мен тапшылықты ескере отырып айқындалды.

2040 жылға дейінгі кезеңде Бас жоспарда жалпы ауданы 1145,19 мың м2 көлемінде халыққа қызмет көрсететін жаңа кәсіпорындар мен мекемелердің құрылысы жоспарлануда, оның ішінде:

мектепке дейінгі мекемелер – жалпы ауданы 159,62 мың м2 (13,94 %);

жалпы білім беру мектептері – жалпы ауданы 312,04 мың м2 (27,25 %);

мамандандырылған мектептер – жалпы ауданы 45,70 мың м2 (4,00 %);

сауда, қоғамдық тамақтану және тұрмыстық қызмет көрсету кәсіпорындары – жалпы ауданы 176,14 мың м2 (15,38 %);

мәдениет және өнер мекемелері – жалпы ауданы 126,38 мың м2 (11,04 %);

денсаулық сақтау және әлеуметтік қорғау мекемелері – жалпы ауданы 214,61 мың м2 (18,74 %);

жабық спорт құрылысжайлары – жалпы ауданы 26,18 мың м2 (2,29 %);

өрт сөндіру деполары – 52 өрт сөндіру машинасына арналған жалпы ауданы 29,48 мың м2 (2,57 %) 12 депо;

басқа қызмет көрсету объектілері – жалпы ауданы 54,85 мың м2 (4,79 %).

Семей қаласының жаңа қоғамдық қызмет көрсету объектілерінің құрылысының көлемі 2040 жылға дейінгі кезеңге жалпы ауданы 209,17 га қала аумағындағы 1145,19 мың м2 жалпы ауданды құрайды. 2040 жылға арналған қоғамдық құрылыс салудың жалпы қорының жалпы ауданы 2206,36 мың м2 жетеді, бұл есептік мерзімге халықтың перспективалы санына – 385,00 мың адамға қатысты бір адамға шаққанда 5,73 м2 құрайды, ал 2023 жылға арналған қазіргі көрсеткіш – бір адамға 3,47 м2, яғни осы кезеңдегі халық санының 77,0 мың адамға перспективалы өсімін ескерсек, бір адамға 2,26 м2 ұлғаяды.

3-параграф. Экономикалық қызмет

Қала экономикасының негізі – өнеркәсіп, онда мынадай салалар бар: тау-кен өндіру, өңдеу, электр энергиясын өндіру және тарату, жылумен және сумен жабдықтау.

Семей қалалық әкімшілігінің өнеркәсіптік өндірісіндегі өңдеу өнеркәсібінің үлес салмағы анағұрлым жоғары – 27,35 % (азық-түлік өндірісі, жеңіл өнеркәсіп, жиһаз, қағаз өндірісі және т.б.), екінші орын тау-кен өнеркәсібіне және карьерлерді қазуға тиесілі – 2,38 % (көмір, металл кендерін, басқа да пайдалы қазбаларды өндіру).

Семей қаласының өнеркәсібін дамытудың негізгі салалық бағыты машина жасау болып табылады. Басым бағыттар: көпір және тірек крандарының, кәбіл өнімдері мен электр жабдықтарының өндірісі, теміржол және ауылшаруашылық машинасын жасау, автокөлік құралдарының, шағын авиация құралдарының, фотоэлектр модульдерінің, тау-кен өнеркәсібіне арналған машиналар мен жабдықтардың, кәбілдер мен электр жабдықтарының өндірісі, аспап жасау, электротехникалық жабдықтар, бөлшектер мен механизмдер, электроника және т.б. өндірісі.

Семей қаласы Қазақстанның индустриялық-экономикалық дамуының перспективалы орталықтарының бірі болып табылады. Семей қаласының маңындағы/ ішіндегі индустриялық алаңдар: "Өндіріс", "Өркен-КШТ" индустриялық аймақтары, сондай-ақ Машиностроителей көшесі бойындағы индустриялық аймақ Абай облысындағы негізгі инвестициялық аймақтарға айналады.

4-тарау. Қала құрылысын дамыту

Бас жоспардың жоспарлау шешімі халық тұрмысының ең жақсы жағдайларын қамтамасыз етуге бағытталған. Бас жоспарда барлық күрделі тұрғын үй қоры, мәдени-тұрмыстық және коммуналдық қызмет көрсету объектілері, жасыл желектер, абаттандырылған көшелер мен инженерлік желілер сақталады. Бас жоспардың сәулет-жоспарлау шешімі тарихи қалыптасқан селитебті және өнеркәсіптік аумақтар жүйесіне және Бас жоспардың негізгі ережелеріне негізделген.

Семей қаласының ауданы есептік мерзімге 33,0 мың га құрайды, оның ішінде селитебті аумақтың жобалық ауданы 8,6 мың га; өнеркәсіптік аймақтың ауданы 2,8 мың га; ерекше қорғалатын аумақтардың ауданы 5,4 мың га; рекреациялық аумақтардың ауданы 9 мың га; басқа аумақтар 6,82 мың га құрайды.

Бас жоспарға сәйкес есептік мерзімге аумақ жағынан қала солтүстік-шығыс, солтүстік-батыс, оңтүстік, оңтүстік-шығыс және батыс бағыттарда дамиды.

Бас жоспарда өнеркәсіптік аумақтарды ретке келтіру және абаттандыру көзделеді. Өнеркәсіптік-өндірістік және коммуналдық-қойма кәсіпорындарын дамыту қаланың батыс бөлігіндегі қазіргі өнеркәсіптік аудандардың аумақтарында ұсынылады.

Қаланың негізгі жоспарлау осьтері Әуезов даңғылы – Алматы қаласына шығатын магистраль, солтүстік бағытта Қаржаубайұлы көшесі, солтүстік-батыс бағытта Сәтпаев көшесі, шығыс бағытта Абай көшесі және батыс бағытта Би-Боранбай көшесі болып табылады. Табиғи құрылым түзуші ось – Ертіс өзені.

Жоспарлау тұрғысынан қала аумағын ұйымдастырудың радиалды-айналма құрылымы қабылданды. Бас жоспарда транзиттік жүк автокөлігі үшін оңтүстік-батыс бөлікте қаланың шеткі бөлігімен селитебті құрылыстан айналып өтетін сыртқы жартылай шеңбер (айналма жол) салу көзделіп отыр.

Ертістің оң жағалауында жылу энергиясының тапшылығына байланысты тұрғын үй аумақтарын игерудің бірінші кезегі сол жағалауда ұсынылады.

Жағалау аумақтарын игерудің артықшылықтары олардың инвестициялық тартымдылығының жоғары болуымен түсіндіріледі, сондықтан екі жағалауды да игеру керек, онда жақсы ғимараттар, жағалаулар салса, қала түбегейлі жақсы жаққа өзгереді.

Бас жоспарға сәйкес қала аумағы 8 жоспарлау ауданына бөлінген: Орталық, Батыс, Ақсай, Шығыс – Ертіс өзенінің оң жағалауында, Цемпоселок, Ұшақтар, Жаңа Семей, Суық бұлақ – сол жағалауында.

"Орталық" жоспарлау ауданы тұрғын үй құрылысын дамыту үшін қолайлы инженерлік-геологиялық жағдайлармен ерекшеленеді. Ол өзеннің жайылмасына жақын орналасқан, бұл қысқа мерзімді демалыс аймағын орналастыруға, аумақты абаттандыруға және көгалдандыруға оң әсерін тигізе алады. Бұл бірегей сәулет, тарих және мәдениет ескерткіштері бар тарихи қалыптасқан аудан.

"Батыс" жоспарлау ауданы негізгі теміржол магистралінен батысқа қарай орналасқан, басты тұрғын аудандар – Кварталдар, Қарағайлы, Затон, Мирный. "Батыс" ауданы аумағының бір бөлігінің бассейні қазандықтардың және "Силикат" АҚ шығарындыларымен ішінара ластанған. Ертіс өзенінің бойындағы инвестициялық тартымды аумақтарда орналасқан Затон және Мирный кенттері көпқабатты құрылыс салуға бөлінген. Қаланы дамыту жоспарында екі жағынан да көпқабатты тұрғын және қоғамдық ғимараттарды жаппай сүріп тастау көзделіп отыр. "Железнодорожный" кенті есептік мерзімге қарай көпқабатты тұрғын үй кешендер етіп реконструкцияланады.

"Ақсай" жоспарлау ауданы қаланың солтүстік бөлігінде орналасқан, "Семей орманы" қарағайлы тоғаймен шектеледі және Железнодорожный, Ақсай, Аққайың, Березовский кенттерінен тұрады. Өмір сүруге қолайлы аумақтар бар, ірі өнеркәсіп объектілері жоқ. Аумақта бұған дейін жасалған егжей-тегжейлі жоспарлау (бұдан әрі – ЕТЖ) негізінде азқабатты тұрғын үй қоры салынуда, оның бір бөлігі экологиялық жағдай жақсы болғандықтан көпқабатты құрылыс салуға ұсынылады.

"Шығыс" жоспарлау ауданы Ертіс өзеніне және оның Семипалатинка арнасына іргелес. Өте перспективалы аумақтар, экологиялық жақсы орта, қала орталығына ыңғайлы көлік қатынасы. Ұзақмерзімді перспективада саяжайларды сүріп тастау ұсынылады. Сол жағалауда бірінші кезекте жылу энергиясының профицитімен байланысты белсенді тұрғын үй-азаматтық құрылыс көзделеді. Ертіс өзенінің жағасына іргелес жатқан азқабатты құрылысты бұзу ұсынылады. Бұл Заря, Нахаловка тұрғын аудандары, Жоламан кентінің бөлігі, Суық бұлақ тұрғын ауданы сияқты инвесторлар үшін ең тартымды аумақтар. "Юность", "Комсомольский" аудандарында құрылыс салу, әуежайдан кіретін магистральды денсаулық сақтау объектілерімен, автоорталықтармен, қоғамдық ғимараттармен жайластыру жалғасатын болады.

"Жаңа Семей" жоспарлау ауданы неғұрлым абаттандырылған, көпқабатты тұрғын үй қоры және дамыған әлеуметтік инфрақұрылымы бар. Жағалау бойында құрылыс салу ("Заря" тұрғын ауданы), конгресс-холл, мұз айдыны құрылысы жүріп жатыр. Қазіргі өнеркәсіптік аймақты реновациялау, көпірден бастап Селевин көшесіне дейін Бозтаев көшесін жайластыру қажет. Перспективада автожол көпірін салып, Селевин көшесін "Бейбітшілік" аралына және одан әрі оң жағалауға жалғастыру көзделеді.

"Цемпоселок" жоспарлау ауданы негізгі ластаушы көзі цемент зауыты болып табылатын батыстағы өнеркәсіптік ірі аймақтың жақын орналасуына байланысты ауа бассейнінің жоғары ластануымен ерекшеленеді. Батыс өнеркәсіп торабында зиянды өнеркәсіп орындарының болуы жаңа тұрғын үй қорының құрылысын шектейді.

Степной кентінің жанынан бүкіл қалаға қызмет көрсететін ЖЭО-3 қазандығын салу ұсынылады. Іргелес кенттері бар ірі "Бобровка" саяжай алабы 2040 жылға дейін өзгеріссіз қалады. Ипподромды Қарауыл тас жолы бойымен қала сыртына көшіру ұсынылып отыр. Ертіс өзенінің жағасындағы "Нахаловка" кентінің келешегі зор. Оны көп қабатты құрылыс салу үшін игеру, сондай-ақ қазіргі № 11 колонияны батысқа қарай № 35 колонияға көшіру ұсынылады.

"Ұшақтар" жоспарлау ауданы "Абай" әуежайының аумағына іргелес, оның қатты шуыл әсері бар. Перспективада қазіргі үлкен зират қатты тұрмыстық қалдықтар полигонымен және мал қорымымен бірге Қайнар ауылына баратын тас жолдың бойымен қала сыртына көшірілетін болады. Комсомольский кентінде "Ұшақтар" тұрғын алабымен бірге азқабатты тұрғын үй қорын салу жалғасады. Комсомольский кентінде "Жастар" саябағын салу ұсынылады. Шығыс бөлігінде "Юность" көпқабатты құрылыс салу көзделген. Әуежайға баратын магистраль бойында медициналық және әлеуметтік маңызы бар объектілерді салу ұсынылады.

"Суық бұлақ" жоспарлау ауданы орталық аудандардан ең шалғай орналасқан ірі тұрғын алабы болып табылады. Ертіс өзенінің жағалауына іргелес аудандарды көпқабатты құрылыс үшін игеру ұсынылады. Әуезов көшесінің жалғасында Абай облысының жаңа Жаңасемей ауданының әкімшілік орталығы орналасады. Әуежайдың шуыл жолағына түсетін Жоламан кенті әзірге өзгеріссіз қалады. Жарқын кентінің ауданын азқабатты құрылысқа игеру ұсынылады. Ауданның экологиялық ортасы жақсы, Ертіс өзенінің жақындығымен ерекшеленеді. Облыстың Жаңасемей жаңа әкімшілік ауданының құрылуына байланысты оның орталығы Жоламан кентінің маңында бос аумақтарда ұсынылады.

Қоғамдық-іскерлік аймақты дамыту. Семей қаласының негізгі қоғамдық-іскерлік орталығы "Орталық" жоспарлау ауданында дамып келеді және нығайтылатын болады, онда бүгінгі таңда барлық қалалық және облыстық басқармалар мен бөлімдер, қалалық және облыстық әкімдіктер, негізгі сауда-қоғамдық орталықтар, саябақтар, гүлбақтар, алаңдар мен желекжолдар шоғырланған.

Болашақта бұл аудан жылу магистральдары жүргізілгеннен кейін сәнді тұрғын үй кешендерін, жаңа гүлбақтар мен желекжолдарды, ұзын жағалаулар мен желілік саябақтарды салу үшін ең тартымды инвестициялық орынға айналады.

Қала орталығының жалпы көлемдік-кеңістіктік шешімі қаланың орталық өзегіндегі құрылыстың қабат саны қаланың негізгі магистральдары бойындағы азқабатты ғимараттан көпқабатты ғимаратқа қарай өсетіндей етіп салынған. Мұндай шешім кейбір акцент пен қоршаған ортаны кеңістікте қабылдауды жақсартады, сонымен қатар адамның ауқымды ортада болуына қолайлы жағдай жасайды. Белсенді құрылыс салу орталық бөлікте орналасқан бірқатар әкімшілік ғимараттардан тұрады.

Рекреацияны ұйымдастыру. Өзен жайылмасының бойында қалалық ормандарды, гүлбақтарды, саябақтарды, қалалық бақтарды, жағажайларды, хайуанаттар бағын,

аквапарктерді, ландшафтты сәулет объектілерін, сондай-ақ демалыс пен туризм үшін пайдаланылатын басқа да объектілерді орналастыру үшін құрылыс салынбайтын жер учаскелерін анықтау қажет. Өзеннің су қорғау аймағының шегінде санитариялық-эпидемиологиялық талаптар мен табиғат қорғау талаптарын сақтай отырып, тазарту құрылысжайлары бар нөсер кәрізі жүйесімен қамтамасыз етіп, тұрғындар қысқамерзімді демалатын аймақтарды орналастыруға болады.

Қаланың сол жағалауында екі үлкен саябақ ұсынылады: "Жоламан" саябағы және Комсомольский кентінің жалғасында "Жастар" саябағы.

Өнеркәсіп орындарын орналастыру. Тарихқа көз жүгіртсек, Семей қаласының кеңеюіне және сол жағалаудың дамуына байланысты желдің шығыстан көп соғатыны ескеріліп, қаланың ауа бассейнін негізгі ластаушы цемент зауыты мен қазандығы бар ірі өнеркәсіптік аймақ осында орналасты. Олардың атмосфераның жай-күйіне әсер етуінің есеп-қисабы көрсеткендей, бұл кәсіпорындар "Цемпоселок" көпқабатты тұрғын ауданына ғана емес, оның шекарасынан тыс жатқан қаланың қазіргі орталығына дейін келеңсіз әсерін тигізуде. Перспективада цемент зауытында тазартудың озық әдістері қолданылуға тиіс. Бұл оң жағалаудағы силикат зауытына да қатысты.

Бас жоспарда әскери техниканың және қаланың тыныс-тіршілігі үшін қауіпті басқа да заттардың анағұрлым ықтимал қауіпті қоймаларын қала шегінен шығару ұсынылады.

5-тарау. Көліктік инфрақұрылым

Семей қаласының көліктік инфрақұрылымын қалалық, қала маңындағы, сыртқы көлік желілері мен құрылысжайлары құрайды. Қаланың сыртқы көлік жүйесіне халықаралық, қалааралық, қала маңындағы және жүк тасымалына қызмет көрсететін көлік түрлері кіреді. Сыртқы көлік теміржол, автомобиль, әуе және құбыр көлігінен тұрады.

Теміржол көлігі. Семей Қазақстанның оңтүстік және шығыс өңірлерін байланыстыратын ірі теміржол торабы болып табылады, сондай-ақ Ресей Федерациясының Транссібір магистраліне және Қытай Халық Республикасының шекарасына тікелей шығатын жол бар. Соңғы бес жылда тасымалданған жүктердің саны айтарлықтай өсті. Тасымалданатын жүктердің саны 2030 жылға қарай 600 мыңға, ал есептік мерзімге 800 мың тоннаға дейін өседі деп күтілуде.

Автомобиль көлігі. Қаланың сыртқы жолаушы тасымалы мен жүк тасымалында 300 км радиуста автомобиль көлігі үстемдікке ие. Автомобиль көлігімен жолаушы тасымалының барлық түрі барлық қатынас түрінде жүзеге асырылады. Автомобильмен тасымалдаудың меншікті үлесі жүк тасымалының жалпы санының 5 %-ын құрайды; қалаішілік жолаушылар тасымалы – 97,1 %, оның ішінде автобустармен және микроавтобустармен – 96,5 %, такси – 0,9 %.

Бас жоспарда "Семей – Автовокзалды" қала орталығынан Ертіс өзенінің сол жағалауына, зауыттың қазіргі уақытта бос тұрған ірі цехы орналасқан оңтүстік өнеркәсіп аймағына көшіру ұсынылады. Ол үшін онда автовокзалдың өзін де, сондай-ақ ірі сауда-ойын-сауық орталығын орналастыра отырып, үй-жайды реконструкциялау ұсынылады. Жана Семей теміржол станциясының жанында болуы ірі көлік-ауысып отыру торабын құруға мүмкіндік береді.

Қазіргі екі автовокзалдан 2023 жылы қала маңындағы және қалааралық қатынаста 359,3 мың жолаушы жіберілді. 2030 жылға қарай олардың саны 380 дейін, ал 2040 жылға қарай 438 мың жолаушыға дейін жетеді деп күтілуде.

Жеке тасымалдаушылар 2023 жылы 38 мың тонна жүк тасымалдады. Майқапшағайда (Шығыс Қазақстан облысы) кеден пунктінiң құрылысына және Ресей Федерациясымен сауданың ұлғаюына байланысты тасымалданатын жүк саны 2030 жылға қарай 48 мың тоннаға, ал 2040 жылға қарай 60 мың тоннаға дейін өседі деп күтілуде.

Әуе көлігін "Семейавиа" акционерлік қоғамы және "Қазаэронавигация" республикалық мемлекеттік кәсіпорнының "Семей әуе қозғалысын ұйымдастыру ауданы" филиалы қамтамасыз етеді. Әуежайдың өткізу қабілеттілігі – сағатына 400 жолаушы. Ұшу-қону жолағы азаматтық авиациядағы ұшу салмағы 350 тоннаға дейінгі әуе кемелерінің барлық түрлерін қабылдау мүмкіндігіне ие.

Су көлігі. Ертіс өзенін дұрыс пайдалану Семей экономикасының қарқынды дамуына алып келеді, ондаған мың жұмыс орнын ашады және жыл сайын бірнеше миллиард доллар табыс әкеледі. Перспективада Қытай Халық Республикасынан әуе жүктері мен жүктердің бір бөлігін Ертіс өзенінің ағысы бойынша су көлігімен жеткізу мәселесі қарастырылуда. Қала шегінде болашақта Ертіс өзені бойынша автобус жолаушылар көлігінен жүктеменің бір бөлігін алуға мүмкіндік беретін судағы трамвай маршруттары жұмыс істейтін болады.

Көше жол желісін (КЖС) дамыту перспективалары

Магистральдық көшелер мен қалалық жолдар жүйесі (бұдан әрі – МКҚЖ) қалалық жоспарлаудың анағұрлым тұрақты элементі және қаңқасы ретінде көлік инфрақұрылымының негізі болып табылады, бұл МКҚЖ жоспарлау сызбасының Семей қаласының қала құрылысын дамытудың жаңа тұжырымдамасымен тығыз байланысын анықтайды.

Жоспарлау тұрғысынан қала аумағын ұйымдастырудың радиалды-айналма құрылымы қабылданды.

Перспективалы МКҚЖ жүйесінің қаңқасы мыналарды қарастырады:

қаланың транзиттік жүк автокөлігінің қозғалысына арналған сыртқы айналма магистралін құру. Сыртқы айналма жол қаланың шеткі бөлігі бойымен селитебті құрылысты айналып өтеді;

сыртқы байланыстарға шығатын магистральдық көшелер бойынша шығатын ішкі шағын айналма жол салу;

Жалпы Семей қаласының көше-жол желісінің геометриялық сызбасы радиалды-айналма схеманы білдіретін болады.

Бас жоспарға сәйкес транзиттік ағындардың қаланың орталық бөлігі арқылы өтуіне жол бермеу мақсатында жоғары жылдамдықты сақиналы айналма автожол (бұдан әрі – СААЖ) салу ұсынылып отыр.

Құрылыстың бірінші кезеңінде (2030 жыл) айналма автожолдың Р-24 "Семей – Өскемен" және М-38 жергілікті маңызы бар "Семей – Курчатов" жолына дейін жалғасы бар Р-23 "Семей – Қайнар" республикалық маңызы бар автожолына дейін қаланың оңтүстік-шығыс шекарасымен қиылысының бөлігін салу ұсынылады. Республикалық маңызы бар 4 жолақты автожол учаскесінің ұзындығы 30 км құрайды.

Екінші кезеңде есептік мерзімнің соңына дейін (2040 жыл) осы учаскені солтүстік бағытта Өскемен көшесімен қиылысына дейін жалғастыру ұсынылады. Учаскенің ұзындығы 6 км құрайды.

Ұзақмерзімді перспективада (2055 жыл) айналма автожолдың шығыс және солтүстік-шығыс бөліктерінің құрылысын аяқтау жоспарланады.

Семей қаласының СААЖ жалпы ұзындығы 63,8 км құрайды.

Перспективада Бас жоспарда жылдамдық режимінде жұмыс істейтін және сыртқы байланыстарға шығатын үздіксіз қозғалыстың жалпықалалық маңызы бар магистральдық көшелерінің радиалды-айналма желісін құру ұсынылады.

Қазіргі уақытта қала орталығы Ертіс өзенінің оң жағалауында қалыптасқан және шағын аудандар орналасқан сол жағалауға ішінара шашылып жатыр. Қала орталығындағы көлік қозғалысын оңтайландыру үшін:

базарлар санын қысқарту және оларды қаланың барлық тұрғын аудандарына біркелкі тарату;

базарлар аумағындағы сауда үйлерінің ірі күрделі құрылыстарын олардың жанында жерүсті және жерасты автотұрақтарын ұйымдастыра отырып қалдыру;

қала орталығындағы жергілікті маңызы бар көшелердің жүріс бөліктерін 2 жолақтан 4 жолаққа дейін кеңейтіп, шеткі жолақтарын тек қоғамдық көлікті өткізу үшін бөлу;

перспективада қоғамдық көліктің заманауи жылдам түрі – BRT енгізу;

"Спартак" автобазарын қала шегіндегі Семей – Знаменка – Курчатов тас жолына шығару;

қала орталығына қала маңындағы автокөліктердің кіруін жоққа шығару мақсатында "Семей" автовокзалын Ертіс өзенінің сол жағалауына шығару ұсынылады.

Өзен көлігін жандандыру үшін Ертіс өзенінің фарватерінде өзен трамвайы мен жүк кемелерінің өту мүмкіндігі үшін арнаны тереңдету қажет.

Су көлігінің жұмыс істеуі үшін өзен вокзалын реконструкциялау қажет.

Семей қаласының тұрғындарына қоғамдық көлікпен қызмет көрсетуді жақсарту үшін BRT жаңа көлік түрін кеңінен енгізу ұсынылады. Барлығы 4 маршрут қарастырылған, 1 және 2 BRT желілері құрылыстың бірінші кезегіне жоспарланған.

BRT желілерінің атауы	Маршруттар	BRT желілерінің ұзындығы, км		
		1-кезек	Есептік мерзім	Жиыны:
1-желі	ет комбинаты (Әуезов – Шәкәрім көшелері бойынша) – теміржол вокзалы	9,4		9,4
2-желі	орталық базар (Засядко – Қабанбай батыр көшелерінің қиылысы) – Дулатов – Қаржаубайұлы – Тұрлыханов – Глинка көшелері – Степной кенті	12,2		12,2
3-желі	Восточный кенті – Өскемен – Абай – Тұрлыханов – Гагарин – Шұғаев көшелері – Қарағайлы шағын ауданы		12,4	12,4
4-желі	кіші ішкі айналма жол – халықаралық автовокзал		22,0	22,0
Барлығы:		21,6	34,4	56,0

6-тарау. Инженерлік инфрақұрылым

1-параграф. Сумен жабдықтау

Қазіргі уақытта Семей қаласында шаруашылық-ауыз сумен және өндірістік-өртке қарсы сумен жабдықтаудың орталықтандырылған жүйесі жұмыс істейді.

Қалада Ертіс өзені жайылмасында қалыптасқан жерасты (арна астындағы) су болып табылатын 4 негізгі суқабылдағыш құрылысжай жұмыс істейді.

Бүкіл жүйе оң жағалауға ("Смычка" және "Затон" айналма желісі бар суқабылдағыштары) және сол жағалауға ("Большой" және "Свобода" айналма желісі бар суқабылдағыштары) бөлінеді.

Құрылыстың бірінші кезегі – 2030 жыл, халық саны – 340 мың адам. 2030 жылға қаланың есептік су тұтынуы тәулігіне 79,57 мың м³ құрайды. Қолданыстағы суқабылдағыш құрылысжайлардың жобалық өнімділігі тәулігіне 170,55 мың м³ құрайды, нақты өнімділігі – тәулігіне 72,5 мың м³ (қажеттілік бойынша).

Жаңа тұрғын үй салынатын жерлерде қолданыстағы желілер мен құрылысжайларды ауыстыру және реконструкциялау, жаңа су құбыры желілері мен құрылысжайларын салу көзделеді.

Есептік мерзім – 2040 жыл, халық саны – 385 мың адам.

2040 жылға қаланың есептік су тұтынуы тәулігіне 90,08 мың м³ құрайды. Қолданыстағы суқабылдағыш құрылысжайлардың өнімділігі тәулігіне 170,55 мың м³ құрайды, бұл есептелген қажеттіліктен асып түседі.

Қаланы сумен қамтамасыз ету үшін жаңа тұрғын үй салынатын жерлерде қолданыстағы су құбыры желілері мен құрылысжайларды реконструкциялау және салу көзделеді.

2-параграф. Су бұру

Семей қаласында өнімділігі тәулігіне 94,4 мың м³ сарқынды суларды механикалық және табиғи биологиялық тазарту құрылысжайлары бар орталықтандырылған кәріз жүйесі (сүзгі алаңдары) жұмыс істейді.

Кешенді тазарту құрылысжайларының жобалық өнімділігі тәулігіне 94,4 мың м³, нақты өнімділігі тәулігіне 60 мың м³ құрайды. Сүзгі алаңдарының ауданы – 250 га. Қалалық кәріз құрылысжайлары Семей қаласынан батысқа қарай 8 км-де Ертіс өзенінің сол жағалауында орналасқан.

"Семей Водоканал" МКК деректері бойынша орамшілік желілердің, сондай-ақ сорғы станциялары жабдықтарының кәріз коллекторларының 50 %-ынан астамы ауыстыруды және реконструкциялауды қажет етеді.

Құрылыстың бірінші кезегі – 2030 жыл, халық саны – 340 мың адам. Толық кәріз жүйелері де, бөлек жүйелер де қарастырылған. Сарқынды сулардың орташа тәуліктік мөлшері тәулігіне 70 мың м³ құрайды.

Осыған байланысты бірінші кезектегі инвестицияларға:

өнімділігі тәулігіне 67,5 мың м³ биологиялық тазартумен кәріз-тазарту құрылысжайлары (бұдан әрі – КТҚ) құрылысын аяқтау;

жасанды биологиялық тазартумен КТҚ тәулігіне 70 мың м³ дейін кеңейту;

жана жоспарлау аудандарында кәріз желілерін салу жатады.

Есептік мерзім – 2040 жыл, халық саны – 385 мың адам. 2035 жылға сарқынды сулардың ең жоғары тәуліктік саны тәулігіне 79 мың м³ құрайды. Сенімді су бұру ағындары үшін тәулігіне 80 мың м³ дейін биологиялық тазартумен КТҚ кеңейту көзделіп отыр. Сондай-ақ кәріз желілерінің құрылысы қарастырылған.

3-параграф. Нөсер кәрізі

Қаланың сәулет-жоспарлау шешімін және жер бедерінің ерекшелігін ескере отырып, қала аумағында нөсер кәрізін жобалау үшін бірнеше бассейн бөлінген.

